

*Академияның Гылыми  
көңесінің 2023 жылғы  
29 наурыздагы  
(№13 хаттама)  
шешімімен бекітілген*

**«7M04120 - Мемлекеттік басқару» (Executive MPA)  
магистратура білім беру бағдарламасы**

**1. Бағдарламаның атауы:** «7M04120 - Мемлекеттік басқару» (Executive MPA) магистратура білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»).

**2. Оқу мерзімі:** 1 жыл (модульдік оқыту түрі)

**3. Барлық кредиттер (ECTS):** 63

**4. Бағдарламаның сипаттамасы:**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік, квазимемлекеттік және бизнес секторларында әртүрлі басқарушылықлауазымдарда тиімді жұмыс істеу үшін мемлекеттік басқару саласындағы білік-дағдылар мен білімді дамытуға бағытталған, кәсіби мамандар үшін модульдік оқыту қафидаты бойынша кешкі уақытта және демалыс күндері оқыту форматындағы бір жылдық магистратура бағдарламасы.

**5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:**

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасы азаматтарының әл-ауқатын арттыру мақсатында мемлекеттік, квазимемлекеттік және бизнес күрылымдарды басқару құзыретіне ие мемлекеттік басқару саласындағы кәсіби мамандарды даярлау.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- өзгерістерге жедел ден қою және тиімді шешімдер қабылдау үшін басқарушылық құзыреттерін дамыту;

- мемлекеттік саясатты өзірлеу және іске асыру бойынша құзыреттерді дамыту.

**6. Бағдарламаның артықшылықтары:**

- білім беру процесінде инновациялық, аналитикалық және басқарушылық қабілеттерін дамыту;

- Maxwell School of Citizenship and Public Affairs at Syracuse University (Америка Құрама Штаттары) шетелдік әріптес университетінде тағылымдамадан өту мүмкіндігі, шет тілінің тиісті деңгейін растайтын сертификат болған жағдайда;

- жекелеген пәндерді оқыту үшін шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды, мемлекеттік басқару саласындағы тәжірибелі мамандарды тарту;

- әлеуметтік нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning).

- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту.

**7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

Қызметті басқару – нақты міндеттер белгілейді және стратегиялық мақсаттарға сәйкес тапсырмалар береді, жағдай жасайды және ұжымды бөлімшениң қойылған міндеттерді сапалы және уақытылы орындаудына бағыттайты, басымдықтарды белгілей отырып, бөлімшениң жұмысын тиімді үйімдастырады.

Тиімді коммуникацияларды құру – өзінің қызметін әріптестерімен үйлестіре біледі, коммуникацияға ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын, қажет болған жағдайда әріптестеріне көмектеседі, жанжалдарды ортақ іс үшін пайдалы шешуді біледі, сонымен бірге өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізеді және әріптестерінің пікірін ескереді, топтын/команданың мүдделі тараптармен тиімді жұмысын жүргізе алады.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – әдеп кодексіне сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгіниет, әріптестер мен мұдделі тараپтарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады, стресстік жағдайда ұстамды болып, шешімдерді іздестіріп, таба алады.

Озгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға сәйкес өз әрекеттерінің тактикасын бейімдейді, сәтсіздіктің себептерін талдайды және тәсілдерді немесе стратегияны өзгертеді, қызметкерлердің бастамаларын қолдайды және ынталандырады.

Нәтижеге бағдарлау – күрделі мақсаттар қояды және оларға қол жеткізеді, тапсырмаларды орындау үшін қосымша күш-жігер жұмсайды, нәтижеге қолжеткізу үшін өзіне жауапкершілік алады.

Дербестік және шешім қабылдау дағдылары – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, міндеттерді шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады.

Команданы басқару – ешқашан адамдарға тәуелді емес, әрқашан жеке ұнату мен ұнатпаудан аулақ болуды біледі, өзара әрекеттесу мен мотивация кезінде қарамағындағылардың жеке даралығын анықтап, ескере алады, команданы шабыттандырып, ынталандыруды біледі.

Көшбасшылық қасиеттер – ынта мен талантты, өз сенімдеріне деген сенімділікті көрсетеді, харизматикалық қасиеті бар, қарамағындағыларды ынталандыру үшін өзінің жеке басының күшін пайдаланады, қызметкерлерді ынталандырады, ынталандыру мен айыптаудың арақатынасын дұрыс таңдайды.

Інтымақтастық – қызметкерлерді құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және үйімдармен тиімді өзара іс-қимыл құруға бағыттайты, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жоспарларды іске асырады және жалпы нәтижелерге қол жеткізеді.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақытылы жеткізеді, өзгерістерге уақытылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқарады және ішкі, сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді.

Өзін-өзі дамыту – перспективалы қызметкерлерді ілгерілету бойынша ұсыныстарды қалыптастырады және енгізеді, қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдайды, өзін-өзі дамытуға ұмтылысты өз үлгісінде көрсетеді.

Бастамашылық – қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастырады және әзірлейді, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді, мемлекеттік органның қызметін жетілдіру үшін жобаларға бастамашылық жасайды.

## **8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық контент:**

Модуль	Пәннің атауы	ECTS
1	Әлеуметтік мемлекеттің қолданбалы экономикасы	4
	Мемлекеттік басқару	4
	Кәсіби коммуникациялар және қақтығыстарды басқару	3
	Өндірістік практика	2
	Теориялық оқу бойынша барлығы	13
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	3
<b>1-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>		<b>16</b>
2	Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау	4
	Мемлекеттік сектор экономикасы	3
	Ұйымдық мәдениет және этика	4

	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	11
	<i>Тағылымдама</i>	2
	<i>МЭЗЖ</i>	3
<b>2-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>		<b>16</b>
	<i>Мемлекеттік басқарудағы қаржылық менеджмент</i>	4
	<i>Деректерді талдау негізінде шешім қабылдау</i>	4
3	<i>Тандау компоненті</i>	3
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	11
	<i>МЭЗЖ</i>	5
<b>3-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>		<b>16</b>
	<i>Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық</i>	4
	<i>Ресми жазылым және көпшілік алдында сөз сөйлеу</i>	3
4	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	7
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>	8
<b>4-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>		<b>15</b>
	<i>Теориялық оқу қорытындысы + практика</i>	42
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>	8
	<i>МЭЗЖ + тағылымдама</i>	13
<b>МИНДЕТТИ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТИ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ</b>		<b>63</b>

*Ескертпе: Атапган білім беру бағдарламасы Академияның Гылыми кеңесінің 2023 жылғы 29 наурыздагы шешімімен бекітілді, № 13 хаттама (оның ішінде қосынша қабылдау үшін, 2023 жылғы желтоқсан)*